

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОНТЕКСІНДЕГІ
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ
ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ**

**халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдар жинағы
25 сәуір 2023 жыл**

**СТРАНЫ ВОСТОКА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННЫХ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ПРОБЛЕМЫ И НОВЫЕ
ПОДХОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ**

**сборник материалов
международной научно-практической конференции
25 апреля 2023 г.**

**collection of materials
international scientific and practical conference
THE COUNTRIES OF THE EAST IN THE CONTEXT OF
MODERN INTERNATIONAL RELATIONS: PROBLEMS AND
NEW REQUIREMENTS FOR RESEARCH**

25 April, 2023

**НҮР-СҰЛТАН
2023**

УДК 327
ББК 66.4
Қ22

Ұйымдастыру комитеті

Төраға:

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ басқарма төрағасы-ректор

Төрағаның орынбасарлары:

Мақыш С.Б., Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Құрманғалиева Ж.Д., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерцияландыру және
интернационалдандыру жөніндегі проректор

Мүшелері:

Қосыбаев М.М., Калиева А.Б., Биримкулова Г.У., Тулеубаева С.А., Әлібекұлы А.

Құрастырған: Әлібекұлы А.

Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы – Нұр-Сұлтан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 112 бет.

ISBN 978-601-337-866-4

Бұл жинаққа қазіргі шығыс елдерін зерттеудің теориясы мен методологиясын, Таяу Шығыс, Шығыс Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азиядағы аймақтық мәселелерді, шығыс елдерінің тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, әлеуметтік жағдайларын қарастырған ғалымдардың, докторанттар мен магистранттардың мақалалары енгізілді.

Жинақты шығыс елдерінің дамуы мен рухани құндылықтарына қызығушылық танытқан шығыстанушылар, аймақтанушылар, филологтар және тарихшылар ғылыми-ізденіс жұмыстары барысында қолдана алады.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-337-866-4

УДК 327
ББК 66.4



© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

«ҮШ Д» ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГЫ: ҚАЗАҚСТАН, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ СЕРІКТЕСТІГІ

Биримкулова Гульнара Усербаевна¹
bgulnara77@mail.ru

Түйін: 2019 жылдың сәуір айында Бейжің қаласында «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жоғары деңгейлі Екінші форум өткен болатын. Мақалада автор Қазақстанның заманауи Жібек жолын құру мәселесі жөніндегі көзқарасын, сонымен қатар бірқатар ұсынылған стратегиялық бастамалар мен жаңа ұсыныс «Үш Д» Жаһандық диалогының мүмкіндігін қарастырады.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Қазақстан, Қытай, «Үш Д» Жаһандық диалогы, «Бір белдеу-бір жол», G-Global

Аннотация: В апреле 2019 года в Пекине прошел второй форум высокого уровня по международному сотрудничеству в рамках инициативы «Один пояс, один путь». В статье автор рассматривает взгляды по вопросу создания современного Шелкового пути Казахстана, а также ряд предложенных стратегических инициатив и новых предложений по возможности глобального диалога «Три Д»

Ключевые слова: Европейский союз, Казахстан, Китай, Глобальный диалог " три Д», «Один пояс-один путь», «G-Global»

Abstract: The second high-level forum on international cooperation under the belt and road initiative was held in Beijing in April 2019. In the article the author considers the views of the creation of the modern silk road of Kazakhstan, as well as a number of proposed strategic initiatives and new proposals for the possibility of a global dialogue "Three D».

Keywords: European Union, Kazakhstan, China, Global dialogue "Three D", One belt-one road, G-Global

Қазіргі таңда Еуропалық Одақ Қытай үшін көлемі жағынан екінші сауда серіктесі болса, ал Еуроодақ үшін Қытай бірінші кезекте болып отыр. Қытайдың сыртқы саясаттының жаңа стратегиясына байланысты халықаралық қатынастардың «Бір жол - бір белдеу» жобасының басқа қатысушыларымен серіктестіктің айрықша түрлері бар. Осыған орай Еуроодаққа қатысты 1998 жылдан бері ҚХР-Еуроодақ сындарлы серіктестігі жұмыс жасап келеді. Еуропалық Одақта да жалпы Азиямен, сондай-ақ жеке Қытаймен қатынастарды реттеуге бағытталған бірқатар құжаттар бар. Мысалы, 1994 жылы қабылданған «Азияға қатысты жаңа стратегия», сондай-ақ 2001 жылы қабылданған «Еуропа мен Азия: ілгерілетілген серіктестік үшін стратегиялық негіз». Еуропа мен Азия арасындағы қатынастар сонымен бірге АСЕМ (Азиялық-еуропалық форум) аясында да өрбиде. Еуроодақта ресми тұрғыдан Қытаймен серіктестік бағыты ретінде мыналарды көрсетеді:

- саяси диалог (оның ішінде адам құқығы саласы да бар);
- саяси-экономикалық серіктестік;

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану кафедрасының меңгерушісі, PhD, Астана, Қазақстан.

- Қытайдың дамуына ықпалдасу (экономикалық және саяси реформаларды ілгерілету, жергілікті басқару, әкімшілік және сот орындары жүйесі бойынша серіктестік);

- ғылым мен техника, энергетика салалары, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша серіктестік;

- ақпараттық қоғам және БАҚ салалары бойынша өзара ықпалдастық [1].

Еуроодақ пен Қытай арасындағы өзара мүдделерден туындайтын мәселелерге қатысты сындарлы саяси диалог туралы келісім 1994 жылы қабылданған болатын. 1998 жылы акторлар арасындағы саяси диалог жаңартылып, жүйелі түрде еуропалық-қытайлық кездесулер өткізу туралы келісөз жасалды. 2002 жылы Қытай мен Еуроодақ ресми арадағы саяси диалог аясын ағымдағы диалогтың құқықтық негізі болатын хат алмасу арқылы жаңарту үшін шешім қабылдады. Брюссель-Пекин желісі бойынша саяси серіктестік ұдайы кеңеюде және көптеген мәселелерді қамтиды, мысалы қару-жарақ таратпау, Азиядағы қауіпсіздік мәселесі мен жаһандық жылындудан бастап, заңсыз көш-қонмен күресу және адам саудасына дейінгі жан-жақты мәселелер. Оның үстіне бұл салалар бойынша ынтымақтастықты одан ары арттыру мүмкіншілігі мол, әсіресе екіжақты стратегиялық серіктестікті жүзеге асыру жағдайында. Саяси диалог Еуроодақ пен Қытай арасында жыл сайын өткізіліп отыратын мемлекет және үкімет басшылары деңгейіндегі саммиттерде үнемі ілгерілуге ие болып отырады. Еуроодақ үшін саяси диалогтың маңызды мәселелерінің бірі Қытайдағы адам құқығы мәселесі. Адам құқығы мәселесі саяси диалог шеңберінде де, сондай-ақ 1995 жылы қосылған адам құқығы бойынша диалог аясында да талқыланады. Жыл сайын әрбір Еуроодақ төрағалығының аясында екі кезек диалог өткізіледі. Осылайша, Еуроодақ бұл форумның күнтәртібіне мүдделі мәселелердің бәрін шығара алады (мысалы, өлім жазасы, еңбек өтемі, азаптау, этникалық азшылықтар мәселесі, азаматтық және саяси еркіндік және т.б.) [1]. Еуропалық Одақ әлемдегі ең ірі сауда қауымдастығы болып табылғандықтан Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында Еуропалық одақпен ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлінген.

2007 жылғы халыққа арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында сыртқы саясатқа да ерекше маңызды орын беріп, «Қазақстанның жаңа халықаралық жауапкершілігі, көп бағытты сыртқы саясатты дамыту және әлемдік қатерлерге қарсы күреске қатысу» деп аталған бөлімде — «біз үшін басым болып табылатын Ресей және Қытаймен арадағы тату көршілік өзара қарым-қатынастарымыздан АҚШ-пен стратегиялық серіктестікті, Еуропа Одағы елдерімен көп тарапты ынтымақтастықты дамытуға мүдделіміз бен бұл бағыттағы практикалық қадамдарымыз айқын көрінеді» -деп атап көрсеткен [2]. Жалпы Еуропалық одақтың Қазақстанмен екіжақты қарым-қатынасы тәуелсіздік жылдарынан бері нәтижелі дамып келеді. Біздің елдеріміздің арасындағы сауда-экономикалық айналым айтарлықтай жоғарылады және халықаралық саясат, қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы ынтымақтастық биік деңгейге жетті. Қазақстан жер байлығының, ауыл шаруашылығының арқасында ЕО-ның Орталық Азиядағы негізгі және маңызды әріптесіне айналды [3]. Еуроодақ елдерінде Қазақстан тұрақтылықтың белгісі сонымен бірге, Шығыс пен Батысты байланыстырушы көпір ретінде мойындалып отыр. Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы осы қарым-қатынастардың іргесін қалаушы құжат — ол 1995 жылы қол қойылып, 1998 жылы күшіне енген ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық пен серіктестік жайындағы Келісім болып табылады.

Айта кетейік, Еуроодақ – Қазақстанның бірінші сауда әріптесі, оның үлесі шамамен ҚР сыртқы саудасының жалпы көлемінің жартысын құрайды. Сондай-ақ ЕО Қазақстандағы аса ірі инвесторлардың бірі болып қала бермек. 2012 жылы Қазақстаннан ЕО-ға импорт шамамен 24,4 миллиард еуро, ал ЕО-дан Қазақстанға экспорт - 6,9 миллиард еуро құрады, яғни жалпы тауар айналымы 31,3 миллиард еуроға жетті [4].

2019 жылдың 25-27 сәуірінде Бейжің қаласында «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жоғары деңгейлі Екінші форум өтті. Аталған шараға 150 мемлекеттің атынан бес мыңнан астам ресми өкілдер, кәсіпкерлер, ғалымдар және 90-нан астам Халықаралық ұйымдар шақырылды. Халықаралық масштабтағы Екінші форум бағдарламасы Бір белдеу -бір жол бастамасы жылдан жылға танымал және нәтижелілігін байланыстырып, Шығыс глобализациясының жаңа үлгісін ұсынды. Заманауи үрдіс тарихи циклдің қайтадан әлемдік айналымның Шығыста шоғырланғанын көрсетті.

Бүгінгі таңда Азия жиырма бірінші ғасырдың басты аймағы болып танылады. Әлемдік ЖІӨ-да 28% те осы аймақтың үлесінде және де бұл сан жылдан жылға өсе береді. Қазіргі батыстандыру – «westernization» саясаты жобаға жаңа бағыттар қосты. Жібек жолы тағы да әлемдік қалауды өзгертуде сонымен қатар жаңа жаһандық шынайылықты жасап Еуразия тағы да бірігеді.

Қысқа мерзімде табиғи ландшафттарға және геополитикалық қайшылықтарға қарамастан Бір жол бір жоба бастамасы аясында жобаға қатысушы мемлекеттермен бірге экономикалық дәліздер салынды.

Қазақстан Еуразияның нақ ортасында орналасқандықтан Отанымыз арқылы Азия мен Еуропаны қосатын қысқартылған транспорттық жолдар салынды. Ойластырылған логистиканың және мемлекеттердің өзара түсінушіліктерінің арқасында оңтүстік Азия тауарлары Солтүстік Еуропаға екі аптада жеткізіледі. Бұл теңіз коммуникациясына қарағанда өте тез әрі пайдасы көп дәліз болып саналады.

10 жыл бойы Қазақстан транспорттық-логистикалық инфрақұрылымның дамуына 30 млрд АҚШ долларын инвестициялады. Осы уақыт ішінде 2,5 мың км астам ұлттық темір жол және 12,5 автомагистраль қолданысқа беріліп модернизацияланды. Қазіргі таңда Қазақстан территориясы арқылы Шығыс пен Батыстың арасындағы сауданың жылдық мөлшері 70% өтеді [4].

Халықаралық форумның қорытындысы бойынша 6 бағыт бойынша 283 құжатқа қол қойылды, соның ішінде 21 құжат Қазақстан тарапынан қол қойылды [5].

Форумда іс-шараға құрметті қонақ ретінде қатысқан Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның заманауи Жібек жолын құру мәселесі жөніндегі көзқарасын жеткізіп, бірқатар стратегиялық бастамалар мен жаңа ұсыныстарды алға тарта отырып, өз сөзінде:

«2016 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасын Жібек жолының экономикалық белдеуімен ұштастыру жоспары табысты іске асырылып жатыр. Еуропа мен Қытайды Ресей мен Қазақстан арқылы Батыс Еуропа мен Батыс Қытай құрлықаралық жоғары деңгейлі автомагистраль байланыстырды. Біздің еліміз Қытайдың Ляньюньгань портында логистика терминалын салды. “Қазақстан – Түрікменстан – Иран – Парсы шығанағы” бағытындағы теміржол іске қосылды. Қытайдан Оңтүстік Кавказға, Түркияға және одан әрі Еуропаға Қазақстанның Ақтау және Құрық порттары арқылы жөнелтілетін жүктердің көлемі артып келеді»[1] – деді.

Отанымыз көтерген бастаманың ағымдағы халықаралық ахуалдағы өзектілігі жоғары, себебі ол жаңа геосаяси шынайылықты құруға бағытталған және «Үш диалогты» жақсарту қажеттілігін білдіреді.

Біріншіден, жаһандық деңгейде АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық одақ арасында конструктивті диалогты бастау қажет.

Екінші диалог Еуразия деңгейінде Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының әлеуеттерін біріктіру үшін қажет.

Үшінші диалог - бұл Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық одақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы арасындағы жүйелі экономикалық диалог.

Бұл бастаманың сындарлы қисыны бар - егер аталған барлық елдер мен халықаралық ұйымдар бейбітшілік пен қауіпсіздікке деген ұмтылыстарын көрсетсе, онда олар барша планетаға ортақ тапсырмаларды шешу үшін өздерінің мүмкіндіктері мен ресурстарын біріктірулері қажет. Мұндай тәсіл жаңажаһандық диалог және серіктестік архитектурасын жасаудың бұрыннан пайда болған қажеттілігін көрсетеді.

Бір белдеу, бір жол» Екінші форумының қорытынды коммюникесіне Елбасының жаһандық диалогты дамытудың қосымша ақпараттық-коммуникациялық құралы ретінде сәтті дамып келе жатқан G-Global идеясының енгеніне назар аударды. Қазақстандық G-Global жобасы және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» бастамасының идеялық негізі ретінде адамзат тағдырының біртұтас қауымдастығын құру концепциясы бірімен біріүндес. Екі идея да әлем барлық проблемаларды бірлесе шешуге, сын-тегеуріндерге бірлесе жауап беруге, гүлденуге бірлесе ұмтылу қажет екендігін білдіреді. Н.Назарбаев «Үш Д» жаһандық диалог форматын ұсына отыра, барша адамзатқа өзекті болып табылатын бұл идеяларды нақты жоспарда, тетіктерде және іске асыру алгоритмдерінде тиімді түсіндірді.

Бүгінгі күні өңіраралық деңгейде бәсекелестіктің өсуі жалғасуда, киберқауіпсіздікті және коммуникация қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып отыр. "Мәселе бойынша жаһандық даму институттарының тиімділігі мен жалпы қауіпсіздік қойылды. Экономикалық облыста "сауда және санкциялық соғыстар"деп аталатын тарала бастады. Бүкіл әлем бойынша әуежайлардың порттары мен жүк терминалдары арқылы жеткізу баяулайды. Жиынтығында бұл әлемдік экономиканың өсу қарқынының төмендеуіне және соның салдарынан адамдардың, бірінші кезекте дамушы елдерде жағдайының нашарлауына алып келеді", - деп атап өтті ол. бүгінгі күні өңіраралық деңгейде бәсекелестіктің өсуі жалғасуда, киберқауіпсіздікті және коммуникация қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып отыр. "Мәселе бойынша жаһандық даму институттарының тиімділігі мен жалпы қауіпсіздік қойылды. Экономикалық облыста "сауда және санкциялық соғыстар"деп аталатын тарала бастады. Бүкіл әлем бойынша әуежайлардың порттары мен жүк терминалдары арқылы жеткізу баяулайды. Жиынтығында бұл әлемдік экономиканың өсу қарқынының төмендеуіне және соның салдарынан адамдардың, бірінші кезекте дамушы елдерде жағдайының нашарлауына алып келеді", - деп атап өтті ол. Сондықтан әлемдік қауымдастықты жаһандық мәселелерді шешу үшін біріктіруге шақырады. Қазақстанның сыртқы саяси Доктринасы елдер арасындағы қарым-қатынастарда көпжақты ынтымақтастық пен сенім мен қауіпсіздікті нығайтуды көздейтінін еске сала отырып, Еуропалық Одаққа ЕАЭО пен Жібек жолы интеграциясына қосылуға Отандық саясаткерлер ұсынды. Қажет болған жағдайда, біз бүкіл әлемге халықаралық күн тәртібіндегі ең күрделі мәселелер бойынша үлгі алдық", - деген сыншылдар Қазақстанның ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл ісіндегі жетістіктері туралы еске салып өтті. Бір белдеу бір жол жобасына қатысушылардың ортақ мүдделеріне жауап береді және біріккен Еуразияның тұрақты болашағы үшін өзара байланысты қалыптастыру қажеттілігін жақсартады.

Қорытындылай келе, Еуроодақ пен Қытай, Қазақстан Республикасы арасындағы қатынастар қалыптасқан уақыттан осы күнге дейін, ұлғайып келе жатқан экономикалық өзара тәуелділік және үнемі саяси диалогтың тереңдей түсуіне байланысты қарқынды қуатқа ие болды. Әзірше Брюссельмен келіссөз Қазақстанның, Қытайдың Еуропа елдерімен екіжақты қатынастарын толық алмастыра алады деуге келмейді. Дегенмен де Еуроодақтың жаһандық көшбасшылыққа ұмтылысы мен интеграция жолындағы саяси белсенділігін бірте-бірте арттыруы, халықаралық қатынастардың бұл ойыншысымен қатынастарда болуы Қытай үшін де

Қазақстан үшін де үлкен рөл ойнайды, өйткені Қытай өз кезегінде әлемдік саясатта басыңқы жағдайға ие болуға ұмтылса, Тәуелсіз Қазақстан үшін де бұл ұмтылыс Қазақстан ұсынған «Үш Д» жаһандық келіссөз бастамасы арқылы іске асса, нәтижесін береді деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Электрондық ресурс: www.akorda.kz қаралған күн: 1.04.2023
2. Токаев К.К. Казахстан - Европейский Союз: отношения делового сотрудничества // Казахстан и Европейский Союз. Сборник документов и материалов. - Алматы, 1997
3. Электрондық ресурс: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2399> қаралған күн: 3.04.2023
4. Борко Ю. «Европейский союз: углубление и расширение интеграции» - «МЭиМО», №8, 2000.
5. Электрондық ресурс: <https://www.inform.kz/kz/> қаралған күн: 20.04.2023

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚЫТАЙ ФАКТОРЫ

Абжаппарова Бибіхадия Жүрсінқызы¹
Hadisha_1960@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада Орталық Азиядағы Қытай факторына талдау жасалған. Орталық Азиядағы Қытайдың экономикалық ықпалы ашып көрсетілген. «Бір белдеу, бір жол» қытай жобасына қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің мүдделері айқындалған ҚХР өзінің аймақтық және жаһандық амбицияларын жүзеге асыруда Орталық Азия елдері маңызды рөл атқаратындығы сараланған. Сонымен Қытайдың болашақта доллардың делдалдығынсыз резервтік валюта аймағының жаңа баламалы есеп айырысу жолын құру мен юаньды интернационализациялау үдерісін жеделдетуді жоспарлап отырғандығына талдау жасайды.

Кілт сөздер: Қытай Халық Республикасы, Орталық Азия, Бір белдеу, бір жол, Еуропаға транзиттік дәліздер, миграциялық саясат, мәдени ықпал, аймақтық қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық.

Аннотация. В статье анализируется Китайский фактор в Центральной Азии. Выявлено экономическое влияние Китая в Центральной Азии. Определены интересы государств Центральной Азии, участвующих в китайском проекте «Один пояс, один путь», и отмечено, что страны Центральной Азии играют важную роль в реализации региональных и глобальных амбиций КНР. Таким образом, анализируется, что в будущем Китай планирует создать новую альтернативную систему расчетов резервной валютной зоны без посредничества доллара и ускорить процесс интернационализации юаня.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, тарих ғылымдарының докторы, профессор м.а. Астана, Қазақстан.